Қаралды- 11-03-2024ж-

# ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы Атамекен бөбекжайы
Топ: ерте жас топ
Балалардың жасы: 1 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 11.03 - 15.03.2024ж.
Педагогтың аты-жөні ______________________________

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Әңгімелесу: "2-3 жасар балаға қандай шығармаларды оқуға болады?", "Баланы шығарманың бас кейіпкерлерін есте сақтауға үйрету". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | "Аквариумға күтім" Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтарының (қараңғы жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл аудару, суаруға ынталандыру, суару барысын бақылау. | "Үстел-үсті ойыны" Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ұсақ бөлшектерді өз бетімен орнына сала білуге дағдыландыру, | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер өскен топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту барысында суарудың үлгісін көрсету; балаларды сусепкішті ұстап, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | байкауға ынталандыру, мактау. | | әрекеттің барысын бакылау, мактау, колдау. | суару амалына үйрету. |
| | **Саусақ жаттығуы. "Бесік жыры" (халық ауызынан)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көркем сөзді айта отыра, саусақтарды кезегімен бүгіп қимылдай білу, ырғақты есту кабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту: қуанышқа бөленуге баулу.<br>Педагог алаканын ашып, колын балаларға каратып, көркем сөзді айта отырып, кезегімен саусақтарын бүгеді. Балалар жаттығудың үлгісін көргеннен кейін педагогке ілесіп қайта орындайды, тақпақты жатқа айтуға тырысады.<br><br>*"Бесік жыры".* | **«Наурыз көжені дайында» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: педагогтің сипаттамасынан кейін, сәйкес суретті таба білу.<br>Ойын барысы: фланелеграфқа казанның суреті бекітілген.<br><br>**(жапсыру, қоршаған ортамен танысу)** | **Ойын-имитация. "Лақтар".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөздің ырғағына сай қимылдауға, лақтардың қимылдарына еліктей білуге ынталандыру; үй жануарларының төлдері жайында ұғымдар қалыптастыру: түйсікті, жағымды эмоцияларды дамыту; әлеуметтік катынастарды калыптастыру, достыкка тәрбиелеу. Балаларға лақтардың маскаларын кигізу.<br><br>"Лағым".<br>Сырт-сырт етіп тұяғын,<br>Би билеші, лағым! | **Дидактикалық ойын «Тостағанға тостақ таңдап ал»**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға заттарды түсі бойынша сәйкестендіруді жалғастыру: сары табақша мен сары кесе және т.б.<br>Құрал-жабдықтар: қызыл, көк, сары, жасыл түстер мен кеселер.<br>Педагог балаларға бүгін қуыршақтар қонакка келетіндігін айтады. Біз оларды күтуіміз керек және бұл үстелде тек табақшалар бар екенін көрсетеді. - Балалар, біздің қуыршақтарымыз шайды немен ішеді?<br>Педагог табақшаны көрсетіп, оның түсін атайды, ал сөреден | **Музыкалық-ырғақты жаттығуы.**<br>Бойды бүкпей тік ұста,<br>Еркін тұрып тыныста.<br>Жай оң колды оң жакка,<br>Жай сол колды сол жакка.<br>Екі қолды белге ұста.<br>Алға карай бір адым,<br>Артқа карай бір адым.<br>Қос аяктап топ – топ,<br>Алаканды сок – сок. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әлди, әлди, ақ бөпем,<br>Ақ бесікке жат, бөпем.<br>Жілік шағып берейін,<br>Майын жесең, тоясың,<br>Жылауыңды қоясың.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем** әдебиет) | | Ырғып өтіп жырадан,<br>Басына шық қияның.<br><br>Ақ лағым, ақ лақ,<br>Мазалама маңырап.<br>Бөпеме де сүт керек,<br>Кете көрме жамырап!<br>С. Желдірбаева<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | балалардан бірдей түсті кесе алуды сұрайды.<br>**(сенсорика)** | |

| | |
|---|---|
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Текшемен жалпы дамыту жаттығулары.**<br>"Текшені текшемен"<br>Бастапқы қалып - аяқтар «тар жолда», артында текшелер.<br>1 текшені алға қарай созу; 2,3 - текшені текшеге соғу; 4 - бастапкы калыпка оралу.<br>«Шаршымен тізеге тигізу» Бастапқы қалып - аяқ иык енінде, белде текшелер. 1-алға енкейіп, текшелер тізеге тигізу; 2 - бастапқы позиция.<br>«Текшелерге қол тигізбе»<br>Бастапқы қалып - отыру, қолдар жанында, текшелер еденде өкшеге жақын. 1-тізені бүгіп, өзімізге карай тартамыз; 2-бастапқы қалып.<br>«Бұрылыстар»<br>Бастапқы қалып - өкшеңізге отырыңыз, текшелер иыкта.<br>1-бұрылу бір жағына, 2-бастапқы қалып, 3-екінші жаққа бұрылу. 4-б.к.<br>«Отырып-тұру» Бастапқы қалып - аяқтар «тар жолда».<br>1-отырыңыз, қолымызды текшелермен алға созу, 2-б.қ.<br>Секіру. Жүрумен кезек секіруді орындаймыз.Барлық жаттығуларды 3-4 рет қайталаймыз.<br>**(дене шыныктыру)** |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналык дағдылар**<br>Максат-міндеттер. Баланың тамактануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "ракмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>*Коркем соз*<br>Нан мен касыкты ал да,<br>Тамак ішуді баста!<br>(Тусипжанова-Шагирова А.)<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын кадағалайды. Үстел басында отырған бала өз калпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыру керектігін айтады.<br>**(мәдени-гигиеналык дағдылар, коркем соз)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларға жағымды эмоциялык ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады.<br>Неткен сұлу көктем шак!<br>Ғогалда өскен бакбак. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сары түс мұнда көп екен.<br>Күннің көзі – нұр көктем.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Қазақ халқының ұлттық ойыны"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды еңбектеу және таяқша (арқанның) астынан жорғалап өтуге жаттықтыру, гимнастикалық орындықта жүру қабілетін бекіту, кеңістікті бағдарлай білуін, тепе-теңдікті сақтау сезімін дамытуға ықпал ету. | **Музыка**<br>"Әжемізге қонаққа барайық"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Музыка жетекшісі көрсеткен қимылдарды қабылдау және қайталау қабілетін дамытуды жалғастыру.<br>Балаларды жаңа әнмен және бимен таныстыру.<br>Балаларды ойын жағдайына белсенді қатысуға шақырыңыз. | **Дене шынықтыру**<br>"Біз шымырмыз, ептіміз, алғырмыз!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Түрлі-түсті жалаулармен шеңбер бойымен, шашырап жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту; педагог белгісі ойынша тоқтап жүру және жүгіру жаттығулары; балаларды педагог белгісі бойынша жалаушаларды көтеру және түсіру, бір жерде салтанатты жүріс дағдыларына жаттықтыру; гимнастикалық орындықта жүру қабілетін, шәшікке (биіктігі 10-15 сантиметр) көтеріліп, одан ересек адамның көмегімен түсу қабілетін нығайту; | **Дене шынықтыру**<br>"Бізге қонаққа Алдар Көсе келді"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Түрлі-түсті жалаулармен шеңбер бойымен, шашырап жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту; педагог белгісі ойынша тоқтап жүру және жүгіру жаттығулары; балаларды педагог белгісі бойынша жалаушаларды көтеру және түсіру, бір жерде салтанатты жүріс дағдыларына жаттықтыру; гимнастикалық орындықта жүру қабілетін, шәшікке (биіктігі 10-15 сантиметр) көтеріліп, одан ересек адамның көмегімен түсу қабілетін нығайту; балаларды секіруге жаттықтыру. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Тәй-тәй, басайық"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды халық өлеңдері оның ішінде тұсау кесер жырымен таныстыру, жырды дұрыс айта білуге үйрету; тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету; тыңдау мәдениетін қалыптастыру; сөздік қорды дамыту; құрдастары мен ересектер арасындағы өзара қарым-қатынасқа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | балаларды секіруге жаттықтыру. | | |
| **2- таңғы ас** | Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды, ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Желдің соққанын байқайық.<br>Желектерге бір қарайық:<br>Жел бұталарды шайқайды.<br>Жапырақтармен ойнайды.<br>**Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. (дене** | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады. | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ағаштардың құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>- Аулада өседі ағаштар,<br>Бау-бақшада тұрады қатар-қатар.<br>Созады көп бұтақтарын,<br>Желге желпілдеп, шайқалып.<br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене** | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару.<br>"Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**"Құлыншақтар"** | **Көктемгі ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға көктем мезгілі жөнінде жалпы түсініктер беру, күннің жылынуына, құстардың қайтып келуіне назар аудару; қардың еріп жатқанына, адамдардың жеңіл киім киінгенін байқату; ойлау қабілеттерін, зейінді, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>- Балалар, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдуға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру.<br>Педагог балаларға кейіпкерлердің таңбалауыштарын үлестіреді.<br>- Балалар, үйрек суда жүзуді ұнатады, былай қимылдайды.<br>Педагог қолдарын сәл артқа салып, шағын адымдармен жүруді көрсетеді.<br>- Қанекей, қайталайықшы.<br>Жарайсыңдар.<br>- Ал күшік қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші?<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балапандар, балпаңдандар!<br>Баска балапандардан калмаңдар!<br>Қаңкылдаймыз, каңкылдаймыз:<br>Қаңк-канк-канк! | - Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы.<br>Жарайсыңдар!<br>**"Құстар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді.<br>"Құстар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>- Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адапсай тауып алады,<br>Қоңырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br>Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. | **қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды құлыншақтардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; сигнал бойынша жан-жаққа бағыттау немесе бір жерге топтасып жиналу дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жағымды эмоцияларға бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға құлыншақтың суретін және қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар, бүгін біз құлыншақтай қимылдайықшы.<br>- Құлыншақ шабады. Қараңдаршы.<br>Педагог құлыншақтың қимылдарын көрсетеді, балалар қайталайды.<br>- Жарайсыңдар.<br>- Ал енді менің соңымнан тақпақты қайталап, құлыншақтай шауып көрейік. | караңдаршы!<br>- Айналада кар еріп жатыр, күн жылыды.<br>- Адамдар жылы киімдерін тастады.<br>- Күніміз бізге күлімдеп тұр, шуақтарымен ойнап.<br>- Көктем, көктем,<br>Құстар көкке.<br>Ұшты жан-жаққа<br>Қонды бұтаққа.<br>Д. Ахметова<br>**"Жүрейік" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>- Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br>Ал күшігім жүгіреді,<br>- Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді.<br>- Сен, күшігім, соқтықпа!<br>Үйректерді қорқытпа! | үсынады:<br>- Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>Д. Ахметова<br>Педагог балалар біраз отырып, демалып алғаннан кейін, оларға қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады. | | "Құлыншақ".<br>- Құлын, құлын, құлыншақ,<br>Желкілдейді тұлымшақ.<br>Маңдайында жұлдызы,<br>Құйрығында құндызы.<br>М. Жаманбалинов | Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді. |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>*Коркем соз*<br>Нан мен қасықты ал да,<br>Тамақ ішуді баста!<br>(Тусипжанова-Шагирова А.)<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыру керектігін | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">айтады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**</td></tr>
<tr><td>**Түскі ұйқы**</td><td colspan="5">Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру.</td></tr>
<tr><td>**Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары**</td><td colspan="5">**Төсекте жатып керіліп-созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалау.**<br>Балалар әуезді музыка әуенімен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығуын орындайды.<br>Басты оңға, солға бұру.<br>Қолды, іші, аяқты, өкшені жеңіл сипау.<br>Екі аяқтың тізесін бүгіп, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету.<br>**"Көңілді аяқтар" жаттығуы.**<br>Аяқтарды биік көтер, міне, былай,<br>Топ, топ, топ!<br>Көңілдірек! Биігірек! Міне былай:<br>Хоп, хоп, хоп!<br>Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр,<br>Қатты-қатты, сылдыр-сыңғыр!<br>Шап жүйрігім, шап-шап,<br>Тпру - ру -у, тұлпарым:<br>Токтат! Токтат!<br>Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық кілемшелерімен жүру.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру жайындағы білімдерін бекіту.**<br>**"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығуы.**<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)**</td></tr>
<tr><td>**Бесін ас**</td><td colspan="5">Алдына койған асқа назар аудартy; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**</td></tr>
<tr><td>**Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,**</td><td>**"Көлеңкеге не жасырдым?" дамытушы жаттығуы.**<br>Жарты шеңберде</td><td>Сенсорика<br>"Әжемізге қонаққа барамыз"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Заттарды түсі</td><td>«Менің үй жануарым» мультфильмін қарау.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қабылдау, үй</td><td>**"Қораптың қақпағын табу" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>заттарды үлгі бойынша таңдау.</td><td>**«Жалаушa» ойыны**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ауыздың айналмалы бұлшықетін күшейту; дұрыс</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | отырған балаларға ширма артына әртүрлі ойыншықтар немесе заттар жасырылады. Бұлардың пішіндері үшбұрышқа, дөңгелекке, тіктөртбұрышқа, шаршыға, сопақшаға келеді.<br>Жеке тақтаға бірыңғай түске боялған (мысалы, көк түс) геометриялық пішіндер жапсырылады. Немесе слайд ретінде көрсетіледі.<br>- Балалар, мен сендерге көлеңке көрсетемін, ал сендер оларға ұқсайтын пішіндерді атайсыңдар.<br>- Жарайсыңдар! Балаларға доп, текше, призма, матрешка, пирамида жасырылып, дұрыс жауап берген балаға беріледі. Егер жауап болмай жатса, бірінші көрсетіп, содан соң ғана жауап алуға болады.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | бойынша салыстыруды, екі қасиетін бір уақытта ажырата білуді: түсін және шамасын, заттарды түсі бойынша топтау, зейінділік, бір орында отыру қабілетін және жақсылық жасауға тәрбиелеу. | жануарларының және басқа жануарлардың дыбыстарын ажырату, еліктеуіш сөздерді айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | Әртүрлі пішіндегі қораптар (дөңгелек, төртбұрышты, тікбұрышты, үшбұрышты) және соларға сәйкес қақпақтар.<br>Тәрбиеші баланың қолын ұстап тұрып, қораптың ашылуына қажетті пішіні бар қақпақты көрсетеді. Балалар қақпаққа сәйкес келетін қорапты табулары керек.<br>**(сенсорика)** | тыныс алу дағдыларын жаттықтыру: терең ырғақты дем шығаруды қалыптастыру.<br>Жабдық: қызыл жалауша.<br>Бала - бала балақан.<br>Қане қайсы жалаушаң.<br>Жалаушаны қолға алып.<br>Би билейік айналып.<br>Тәрбиеші жаттығудың дұрыс орындалуын көрсетеді: олар мұрнымен дем алып, ернін түтікпен бүктеп, ұзақ уақыт бойы үрлейді.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Бір" және "көп" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың «көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерін дамыту, «көп – бір» заттардың санын ажырата білуге жаттықтыру; ойлауын, зейінін дамыту.<br>Мұғалім ойыншықтар тобын қарастыруды ұсынады, екі «үйді» (бөлінген орындарды) қарап шығуды ұсынады, баламен бірге айтады: «Бұл үй «Көп» деп аталады, мынау «Бір» Содан кейін тапсырма беріледі: Мұқият қараңыз ойыншықтар, ойыншықтарды үйге бірінде біреу, екіншісінде көп болатындай етіп қойыңыз.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттер. Ермексаздың кішкене бөліктерін тұтастай қысып, түзу қозғалыстармен жайып, ұштарын байланыстыра білуге жаттығу жасату.<br>**(мүсіндеу)** | **«Үй жануарлары» саусақ жаттығуы**<br>Мақсат-міндеттер. Ұсақ моториканы дамыту, саусақтардың қозғалысын үйлестіру.<br>Тышқан қашты мысықтан<br>Еденде саусақтармен қашады.<br>Қатты –қатты жүгірді.<br>Жылдам жүгіреді<br>Орын тапты қуыстан,<br>Екі қолының саусақтарын айқастыра жұдырықтайды<br>Зәресін мысық ұшырды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>- Саң - саң, бассаң.<br>- Ді - ді, кер - меу -ің - ді. Кермеуіңді.<br>- Ің - ің, шешейін.<br>- Ды - ды, тұсауыңды.<br>- Ды - ды, та - қы - мың - ды. Тақымыңды.<br>- Ңа - ңа, қа - да - мы - ңа. Қадамыңа.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Терезелерді үйге қой» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер. Белгілі бір түстің белгілі бір пішінін табуға және оны орналастыруға үйрету (терезелер)<br>Жабдық.<br>Карточкалар - әр түрлі түстер мен пішіндердің терезесі тәрізді контуры бар үйлер.<br>Ойын ережелері.<br>Балалар фигураларды терезелерге жапсырады.<br>**(сенсорика)** |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Сылдырлайды мөлдір су.<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынаста алғашқы әдеп нормаларына сәйкес сөздерді қолдануды үйрету (амандасу, қоштасу, рахмет айту).<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Құстар тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық мияулайды, ара ызыңдайды). Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру, ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау).<br>Өнер бұрышында құстардың мүсіндеу жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттер. Біртекті заттарды ортақ белгісі: пішіні, түсі бойынша топтастыру, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту үшін заттармен әрекет жасау, дидактикалық ойындар барысында және тұрмыста балалардың сенсомоторлық «көз бен қолды» үйлестіру.<br>Табиғат бұрышын қарастыру. **(қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттер. Өлі табиғат заттарының қасиеттерін (су, құм, тас) ойын арқылы түсіну (суды құю, төгу, шашу, құмды салу, шашу, жинау, мүсіндеу, тасты жинау, қалау).<br>Табиғаттағы ауа-райы құбылыстарын бақылау (жаңбыр, жел, күннің жарқырауы, қар).<br>Көгөністер (қызанақ, қияр, сәбіз) мен жемістердің (алма, алмұрт, шие, өрік)<br>сырткы түрін тану және атауларын білу. Өсімдіктердің (ағаш, жапырақ, гүл) өзін немесе оларды суретінен тану және атау. |

| | |
|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: «Түстерді үйрену қарапайым және көңілді», «Кішкентай балаларға арналған құрылыс жиынтығын таңдау», «Отбасылық оқуды қалайша ләззат алуға болады» |